



Шымкент қаласы әкімдігінің
«13» желтоқсан 2024 жылғы
№6651 қаулысымен бекітілген

**«Шымкент қаласы білім басқармасының «Әдістемелік орталығы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. **«Шымкент қаласы білім басқармасының «Әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі** (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме), мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады. Мемлекеттік мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексін, ҚР «Білім туралы» заңын, осы Жарғыны және ҚР қолданыстағы басқа да нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.
2. Мемлекеттік мекеме Шымкент қаласы әкімдігінің 28.01.2019 жылғы №31 қаулысымен құрылған.
3. Шымкент қаласы әкімдігінің 16.07.2024 жылғы №3823 қаулысына сәйкес, мемлекеттік мекеме оған Шымкент қаласы білім басқармасының «Шымкент қаласының дарын орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шымкент қаласы білім басқармасының «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шымкент қаласы білім басқармасының «Қосымша білім беру оқу салалық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Шымкент қаласы білім басқармасының «Мектепке дейінгі дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемелерін біріктіру жолымен қайта құрылды. Біріктірілген мемлекеттік мекемелердің барлық құқықтары мен міндеттері бойынша құқықтық мирасқоры болып табылады.
4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Шымкент қаласының әкімдігі болып табылады.
5. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Шымкент қаласының білім басқармасы болып табылады.
6. Мемлекеттік мекеменің атауы: **«Шымкент қаласы білім басқармасының «Әдістемелік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**
7. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері: **Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Ж.Тыныбаев көшесі, үй 49, индекс 160000.**

2-тарау. Заңды мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі акшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде акша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауапты болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні - ғылым мен практиканы интеграциялау, оқу және тәрбие процесін камтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың заманауи технологияларын, әдістемелерін әзірлеу және енгізу, білім беру ұйымдарында педагогтердің біліктілігін арттыруды камтамасыз ету мақсатында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізу, дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдауына жағдай жасау, ерекше білім беру қажеттілігі бар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қиын өмірлік жағдайдағы балаларды қолдау мақсатында, оларды тәрбиелеу мен білім беру оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын ұйымдарға әдістемелік көмек көрсету, тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, бақылау, зерделеу мен бағалау, педагогтік әдептің сақталуына баға беру, білім алушылар мен педагогтар ынтымақтастығын орнату, психологиялық зорлық-зомбылық, суицидтің алдын-алу және басқа да тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, профилактикалық іс-шараларды жүргізу, білім алушылар мен ата-аналар немесе басқа да заңды өкілдерімен қарым-қатынасты реттеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, балалардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін атсалысу, сондай-ақ мектепке дейінгі білім берудегі оқу бағдарламалары бойынша оқу-әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты - әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік, талдамалық және сараптамалық жұмыстар ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагогтердің кәсіби дамуын әдістемелік қолдау болып табылады және жұмысының негізгі бағыттары төмендегі камтиды:

- оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру;
- мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының табысты орындалуына жағдай жасау, әдістемелік сүйемелдеу;
- балаларды ерте дамыту мәселелері бойынша жедел топтар құру;
- тәрбиелеу - білім беру, оқу-тәрбие процесінің сапасын талдау, тәрбиеленушілердің даму деңгейлеріне, білім алушылардың білім беру жетістіктеріне мониторинг жүргізу;

- педагогикалық қызметті зерттеу, үздік (озық, инновациялық) педагогикалық тәжірибелерді, әзірлемелерді, бағдарламаларды жинау, сараптау, жалпылау мен тарату;

- тәжірибелік-эксперименттік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және білім беру ұйымдары мен педагогтердің бастамаларына қолдау көрсету;

- мектепке дейінгі, бастауыш және орта, техникалық және кәсіптік, қосымша және арнайы білімнің тиімді жұмыс түрлері мен олардың нәтижелері туралы деректер құру, жұмыс тәжірибесін жинақтау, талдау мен жүйелеу;

- білім беру ұйымдарындағы педагогтердің сапалық құрамын мониторингтеу, педагогтердің біліктілігін арттыруға қажеттілікті болжау, біліктілігін арттырудан өткен педагогтердің жұмысын зерделеу;

- республикалық конкурстардың, тақырыптық, ғылыми-әдістемелік семинарлардың, конференциялардың және ғылыми-әдістемелік кеңестердің өңірлік кезеңдерін ұйымдастыру мен өткізу;

- педагогтердің аттестаттаудан өткізу үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;

- педагогтерді мемлекеттік білім беру саясатының негізгі үрдістерімен, тәрбиелеу-білім беру, оқу-тәрбие үдерісіндегі өзгерістермен таныстыру;

- білім беру ұйымдары мен педагогтерді ақпараттық, технологиялық, консалтингтік, психологиялық қолдау;

- білім берудің барлық деңгейлері бойынша (*мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, арнайы және қосымша*) білім беру ұйымдарын лицензиялауға, аттестаттауға және аккредиттеуге даярлау үшін әдістемелік сүйемелдеу;

- педагогтердің қауымдастықтарымен іс-қимыл жасау;

- білім беру ұйымдарының өңірлік және басқа да жоғары оқу орындарымен, білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу институттарымен, білім беру орталықтарымен тығыз ынтымақтастық қамтамасыз етуді;

- білім беру ұйымдарындағы тәрбиелеу - білім беру, оқу-тәрбие процесінің жай-күйіне мониторинг жүргізу жолымен әдістемелік қолдау;

- педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу;

- педагогтерге білім берудің жаңа технологияларын, әдістемелерін, үздік (*озық, инновациялық*) педагогикалық тәжірибелерді игеруіне көмектесу.

14. Мемлекеттік мекеме жарғылық мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- ғылымның теориялық, әдіснамалық негіздерін, педагогика мен психологияның жетістіктерін, дүниетанымның, өзіндік жұмыстың, өзіндік білімнің іскерлігі мен дағдысын қалыптастыратын, ақыл-ес және танымдық белсенділікті дамытатын тиімді әдістерді меңгеру;

- білім беру саласындағы нормативтік құжаттармен танысу;

- сыныптан тыс, мектептен тыс пәндік және тәрбие жұмыстарын оқытудың түрлі нысандары мен әдістерін шығармашылық түрде меңгеру;

- педагогтердің кәсіби қузыреттілігін арттыруға, басқару және педагогикалық қызметтің озық тәжірибесін зерделеуге, таратуға және енгізуге бағытталған жұмысты ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагогтердің жұмысының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

- білім алушылардың ғылыми әлеуетін анықтау үшін (*Республикалық, халықаралық олимпиадалар мен конкурстарға қатысу*) оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және білім беру ұйымының педагогына практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын дайындау және өткізу;
- оқыту сапасына, оқыту жетістіктері деңгейіне, оқушылардың тәрбиесіне талдау жасау;
- республикалық маңызы бар қала, астана ауқымында мектепке дейінгі ұйым, жалпы орта білім беретін, қосымша білім беру, техникалық және кәсіптік білім беру педагогтері арасында, менеджменттік басқару бойынша, педагог қызметкерлер арасында оқытылатын пәндер бойынша, кәсіби шеберлік бойынша түрлі олимпиадалар, байқаулар, ғылыми жобалар, іс-шаралар ұйымдастырып өткізу, жергілікті бюджет қаражаты есебінен гранттар бөлуге ұсыныс беру;
- педагогтерді ынталандыруға байланысты заңнамаға сәйкес жұмыстар ұйымдастыру;
- педагогикалық қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттау рәсіміне белсенді түрде қатысу;
- әдістемелік және ғылыми-әдістемелік өнімді әзірлеу, білім берудің барлық деңгейлері бойынша (*мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, арнайы және қосымша*) озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және тарату;
- нормативтік құқықтық құжаттарды, білім беруді басқару органдарының ұсынымдамаларын, оқу-бағдарламалық құжаттарды жетілдіру үшін ұсыныстар енгізу;
- Отандық цифрлық платформалармен бірлескен шаралар жүргізу;
- жаңа оқу бағдарламалардың зерделеуін ұйымдастыру және оларды оқу үдерісіне енгізу туралы ұсыныстар беру;
- еңбек нарығының талаптарын ескере отырып білім беру бағдарламаларына және стандарттарға өзгерту енгізу туралы ұсыныстар енгізу;
- ағымдық, аралық бақылау қорытындыларын талқылау, білім алушылардың білімі мен іскерлігі дағдысының сапасын талдау мен нәтижелерді жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- ақпарат жинау, сауалнама жүргізу, диагностика, мониторинг, талдау және бағалау қызметтерін жүргізу;
- педагогикалық тәлімгерлікті ұйымдастыру, еңбек жолын жаңа бастаған педагогикалық қызметкерлер мен өндірістік оқыту шеберлеріне оқу сабақтарын өткізу, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік материалдар әзірлеу және оқудан тыс іс-шаралар өткізу;
- сабақтарға өзара қатысуды ұйымдастыру, ашық сабақтар өткізу және оларды талқылау;
- педагогтердің оқыту семинарларын ұйымдастыру, өткізу, арнайы біліктілік арттыру курстарынан отуді ұйымдастыру, камтамасыз ету;
- ғылым және техникалық жетістіктерін, оқу-тәрбие жұмысындағы алдыңғы қатарлы тәжірибені, оқытудың жаңа технологияларын зерттеу, іріктеу және практикаға енгізу;

- Халықаралық, республикалық, қалалық деңгейде мамандықтар мен біліктіліктер бойынша кәсіби шеберлік конкурстарын, тақырыптық және ғылыми семинарлар, конференциялар, ғылыми-әдістемелік кенестер тағы басқа да іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;
- педагогикалық, ғылыми, әдістемелік әдебиеттерге, рефераттарға, әдістемелік әзірлемелер мен құралдарға, оқытудың техникалық құралдары және электрондық-есептеу техникасына шолу жасауды ұйымдастыру;
- ынтымақтастық педагогикасы, өзін-өзі басқару жөніндегі жұмыстарды жетілдіру, оқу-тәрбие үдерісін жақсарту және еңбекті ұйымдастыру, өзара тексеру және өзара көмектің тиімді нысандарын кеңінен қолдануға білім алушыларды тарту;
- азаматтық пен патриотизмді, өз Отаны Қазақстан Республикасына деген сүйспеншілікті, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге, Конституцияға және қоғамға қарсы кез-келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- патриотизм мен белсенді азаматтық ұстаным танытқан Халықаралық олимпиада жеңімпаздарына гранттар ұсыну;
- білім саласы бойынша бейнероликтер, альбомдар, журналдар, ашық хаттар, плакаттар әзірлеу, шығару;
- педагогтерді ынталандыру, мотивациялау мақсатында жергілікті бюджет қаражатына ұсыныс беру;
- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алуына арнайы жағдай жасалуын қадағалау, зерделеу, білім сапасын дамыту, жақсарту;
- инклюзивті білім беретін педагог кадрлардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;
- білім беру ұйымдарының педагогтері арасында кәсіби біліктілікті арттыру, халықаралық зерттеулерге дайындықтың сапасын жақсарту мақсатында мемлекеттік мекемелерімен және Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің рұқсатымен, лицензиясы бар жеке оқу орталықтары мен компаниялармен келісімдерге, ынтымақтастық аясында меморандумдарға отыру, меморандум негізінде цифрлық қызмет көрсету түрлерімен білім беру ұйымдарын хабардар етіп, бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру;
- дарынды балалар мен жастарды анықтау және психологиялық – педагогикалық сүйемелдеу үшін жүйелі тәсілді әзірлеу;
- дарынды балаларды анықтау үшін материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік базаны құру;
- дарынды балалармен және талантты жастармен жұмыс бойынша желілік өзара іс-қимыл жүйесін және бірыңғай ақпараттық кеңістікті қалыптастыру;
- оқыту және оқу сапасын жақсарту, сонымен қатар, дарынды балалармен жұмысты дамытуға және жетілдіруге бағытталған аймақтық және республикалық маңызы бар жобаларды іске асыру;
- дарынды балалармен және талантты жастармен жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз ететін әдістемелерді зерделеу, жүйелеу және іріктеу;
- дарынды балалармен және ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс әдістерін меңгеру бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету;

- оқушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне, ғылыми-техникалық шығармашылыққа баулу, өздігінен білім алу дағдыларын дамыту бойынша қолдау көрсету;
- дарынды балаларды, талантты жастарды және олармен жұмыс істейтін педагогтарды атаулы қолдау тетігін құру;
- дарынды балалар мен талантты жастармен жұмыс істеудің оң тәжірибесін тарату;
- республикалық және халықаралық деңгейдегі жалпы білім беретін пәндер бойынша зияткерлік іс-шаралар өткізу;
- дарынды оқушыларды анықтай отырып, оларды дамытуға және әлеуметтік бейімделуге бағытталған жоспарлы іс-шаралар ұйымдастыру;
- қызмет бағыты бойынша нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу;
- дарынды балаларды анықтау және оларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;
- дарынды балалардың дамуын ерте анықтауға және қадағалауға бағытталған диагностикалық рәсімдер мен әдістер кешенін әзірлеу және сынақтан өткізу;
- олимпиадалар, конкурстар, фестивальдар, жарыстар өткізу арқылы дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау үшін жағдай жасау;
- дарынды балалар мен талантты жастарды психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламаларын әзірлеу және сынақтан өткізу;
- ата-аналар, педагогтер үшін әдістемелік кеңес және практикалық семинар, мастер-класстар, конференция, дөңгелек үстелдер, лекторийлер және басқа да іс-шаралар өткізу;
- орталықтың жұмысына жыл сайынғы мониторинг және талдау жүргізу;
- дарынды балалар арасында әр түрлі формадағы сабақтар мен шығармашылық шеберханаларды әзірлеу, ұйымдастыру және өткізу;
- әлеуметтік және тәрбие жобаларын әзірлеу және іске асыру;
- педагогтердің кәсіби өсуіне қолдау көрсету және жағдай жасау;
- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру жүйесін ұйымдастыру;
- кәсіби тәжірибе алмасу үшін аймақтық, республикалық және халықаралық іс-шараларға педагогтердің қатысуын қолдау;
- оқушылардың және педагогтердің жетістіктері бойынша сыйақы беру;
- білім сапасын арттырудағы әдістемелік қолдау бойынша Қазақстан Республикасы басқа өңірлерінің тәжірибесін, сондай-ақ халықаралық білім беру жүйесін зерделеу, тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру, өткізу;
- әдістемелік іс-шаралар интернет-сайт, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жүйесі арқылы өңірлер арасында нәтижелі педагогикалық жұмыс тәжірибесін тарату;
- ақпараттық және әдістемелік сүйемелдеу;
- дарынды балалар мен жұмыс тәжірибесінен әдістемелік ұсыныстар, материалдар жинақтарын дайындау және басып шығару;
- ерекше білім беру қажеттілігі бар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қиын өмірлік жағдайдағы балаларды тәрбиелеу мен білім беру ұйымдарындағы оқу бағдарламаларына әдістемелік көмек көрсету, зерттеу

- ерекше білім беру қажеттілігі бар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, қиын өмірлік жағдайдағы балаларды тәрбиелеумен айналысатын арнайы білім беру ұйымдарындағы педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін көтеру мақсатында әр түрлі тренинг, семинар, конференция және басқа да іс шараларды ұйымдастыру, оларға әдістемелік көмек көрсету;
- білім беру ұйымдарының ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс жүргізетін педагогикалық қызметкерлеріне әдістемелік қолдау іс-шараларын жүргізу;
- білім алушылар мен ата-аналардың немесе басқа да заңды өкілдерімен қарым-қатынасын реттеу, ата-аналарға кеңес беру қызметін көрсету;
- Шығармашыл, сауатты, Отансүйгіш, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу бағытында педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету, жеке консультациялар беру;
- Мекеменің жұмыс жоспарына сәйкес мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру, арнайы, қосымша білім беру бағыттарындағы педагогтар мен оқушыларға арналған іс-шараларды (конкурстар, олимпиадалар, интеллектуалды ойындар, спорттық ойындар, турнирлер, оқулар, форумдар, конференциялар, семинарлар, жобалар, фестивальдер, дөңгелек үстелдер, т.б) қалалық, республикалық және халықаралық деңгейде ұйымдастыру және өткізу;
- үздік ұстаздар еңбегін марапаттау, қолдау жасау, ынталандыру;
- мерекелік күндерге арналған мәдени іс-шараларды өткізуде мемлекеттік білім ұйымдарымен, мекемелермен және облыстық ұйымдармен, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрлігі республикалық орталықтарымен байланысты жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының мерекелік және даталы күндеріне орай және жоспардан тыс қалалық, республикалық деңгейдегі көлемді де салтанатты іс-шараларды ұйымдастыру;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарын, жалпы білім беретін мектептердегі мектепалды сыныптарын жетілдіру бойынша олардың бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету жағдайын зерттеу және талдау;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының, жалпы білім беретін мектептердің мектепалды сыныптары педагог қызметкерлерінің кәсіби құзыреттіліктерін жоғарылату мақсатында мектепке дейінгі білім аймағында инновациялық қызметтің озық тәжірибесін зерттеу, жалпылау және тарату;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының, жалпы білім беретін мектепалды сыныптарының педагогикалық қызметкерлеріне және тәрбиеленушілердің ата-аналарына ақпараттық және оқу-әдістемелік қолдау көрсету;
- білім беру ұйымдары базасында эксперименттік алаңдар құру бойынша жұмыстар ұйымдастыру және әдістемелік ұсынымдар шығару жолымен эксперименттік алаң жұмыстарының нәтижесін тарату;
- жергілікті атқарушы органдармен, білім беру ұйымдарымен, қоғамдық, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту және нығайту;

- цифрлық құзыретті дамыту мақсатында білім беру платформаларымен жұмыс жасау;

- Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру, арнайы, қосымша білім беру бойынша педагогтердің авторлық бағдарламалары мен әдістемелік ұсынымдарын жинақтау, озық тәжірибені қала көлемінде тарату, республика, халықаралық деңгейде таратуға ұсынымдар беру;

15. Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Мемлекеттік мекеме Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе осы Жарғымен нақты шектелген не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле құрылтайшысының, уәкілетті органның, прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

17. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес уәкілетті орган жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік мекеме құрылтайшысы:

1) мемлекеттік мекеменің жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

3) ҚР заңнамаларына сәйкес өзге де өкілеттіліктерге ие.

Уәкілетті басқару органы:

1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;

2) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;

3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

4) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;

5) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;

6) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;

7) мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

8) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;

9) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

19. Мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, уәкілетті органмен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, уәкілетті органға тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

21. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

22. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

23. Мемлекеттік мекеменің басшысы Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әдістемелік орталық қызметінің барлық бағыттарына жалпы басшылықты жүзеге асырады, қызметті жүзеге асыруы барысында заңнамада белгіленген тәртіппен:

- мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- шарттар жасайды;
- сенімхаттар береді;
- іс-сапар, тағылымдама, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқыту мен қызметкерлер біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- банк шоттарын ашады;
- барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- уәкілетті органның келісімі бойынша мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;
- өз орынбасары (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- даму стратегиясын, мақсаты мен міндеттерін айқындайды, кабинеттің (орталықтың) даму бағдарламаларын әзірледі, бекітуді және орындауды, ішкі еңбек тәртібінің қағидаларын ұйымдастырады;
- бюджет қаражатын ұтымды пайдалануды қамтамасыз етеді;
- әдістемелік орталықтың мүлкі мен қаражатына заңнамада белгіленген тәртіппен иелік етеді, қаржы қаражатының түсімдері мен жұмсалуды туралы жыл сайынғы есепті ұсынады;
- оқу-материалдық базаның есебін, сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді;
- республикада және шетелде қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;
- қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін анықтайды, олардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін жағдай жасайды;
- қызметкерлердің шығармашылық бастамасын көтермелейді және ынталандырады;
- компьютерлік сауаттылықты, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгереді;

- әдістемелік орталық, оқу-әдістемелік (*ғылыми-әдістемелік, сараптамалық кеңестер*), педагогтердің әдістемелік бірлестіктері, пән педагогтары қауымдастықтары жұмысына басшылық етеді;
- педагогикалық шеберлікті арттыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді;
- педагогтер мен білім беру ұйымдарының оқу және әдістемелік жұмысының озық тәжірибесін жинақтайды және насихаттайды;
- атқарылған жұмысты есепке алуды жүргізеді;
- өткізілетін іс-шаралардың сапасын бақылайды;
- әдіскерлер мен мамандар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаларын бойына сіңіреді;
- есептерді дайындау мен ұсынуды қамтамасыз етеді.
- оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тарау. Мүлкінің құрылу тәртібі

24. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесімен берілген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

25. Мемлекеттік мекеме өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқылы емес.

26. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, мұндай қызметтен алынған ақша тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

27. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі жергілікті атқарушы органы бюджетінен не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (*шығыстар сметасынан*) қаржыландырады.

28. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

29. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және аудитті (*есептеуді*) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган жүзеге асырады.

6-тарау. Жұмыс тәртібі

30. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

7-тарау. Өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі

31. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады және аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркелуге жатады.

8-тарау. Қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі

32. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру мен тарату құрылтайшының шешімімен жүргізіледі.

33. Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

34. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін, қалған таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін құрылтайшы қайта бөледі.

37. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мемлекеттік мекеменің кредиторларының талаптары қанағаттандырылғаннан кейін, қалған ақша тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

9-тарау. Филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

38. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Утвержден постановлением
акимата города Шымкент №6651
от «13» декабря 2024 года

УСТАВ
коммунального государственного учреждения «Методический центр»
управления образования города Шымкент

Глава 1. Общие положения

1. Государственное коммунальное учреждение «Методический центр» управления образования города Шымкент (далее-государственное учреждение)

является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления функций по организации и осуществлению учебно-методической и научно-методической работы в организациях образования, за исключением организаций образования в области культуры. Государственное учреждение в своей деятельности руководствуется Гражданским кодексом Республики Казахстан, законом РК «Об образовании», настоящим Уставом и другими действующими нормативными правовыми актами РК.

2. Государственное учреждение создано постановлением акимата города Шымкент 28.01.2019 года за №31.

3. Постановлением акимата города Шымкент за №3823 от 16.07.2024 года, государственное учреждение реорганизовано путем присоединения к нему коммунального государственного учреждения «Центр поддержки детей, с особыми образовательными потребностями» управления образования города Шымкента, коммунального государственного учреждения «Центр поддержки детей, с особыми образовательными потребностями» управления образования города Шымкента, коммунального государственного учреждения «Отраслевой учебный центр дополнительного образования» управления образования города Шымкента, коммунального государственного учреждения «Центр дошкольного развития» управления образования города Шымкента и является правопреемником по всем правам и обязанностям присоединенных государственных учреждений.

4. Учредителем государственного учреждения является акимат города Шымкент.

5. Уполномоченным органом соответствующей отрасли, а также органом, осуществляющим по отношению к нему функции субъекта права в отношении имущества государственного учреждения является управление образования города Шымкент.

6. Наименование государственного учреждения: **Государственное коммунальное учреждение «Методический центр» управления образования города Шымкент.**

7. Место нахождения государственного учреждения: **Республика Казахстан, город Шымкент, Аль-Фарабийский район, улица Ж.Тыныбаева, дом 49, индекс: 160000.**

Глава 2. Юридический статус

8. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

9. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у государственного учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Республика Казахстан или административно-территориальная единица средствами соответствующего бюджета.

11. Гражданско-правовые сделки государственных учреждений вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

Глава 3. Предмет и цели деятельности государственного учреждения

12. Предметом деятельности государственного учреждения является проведение учебно-методической и научно-методической работы в целях интеграции науки и практики, обеспечение и совершенствование учебного и воспитательного процесса, разработки и внедрения современных технологий, методики обучения, обеспечение повышения квалификации педагогов в организациях образования, создание условий для выявления, развития и поддержки одаренных детей, оказание методической помощи организациям, реализующим образовательные учебные программы и их воспитание в целях поддержки детей с особыми образовательными потребностями, оставшихся без попечения родителей, находящихся в трудной жизненной ситуации, оценка соблюдения педагогической этики, установление сотрудничества обучающихся и педагогов, организация психологической работы по профилактике насилия, суицида и других видов воспитательной работы, проведение профилактических мероприятий, оказание помощи обучающимся и взаимодействие с родителями или другими законными представителями, формирование здорового образа жизни, участие в содержательной организации досуга детей, а также оказание учебно-методической помощи по учебным программам дошкольного образования.

13. Целью деятельности государственного учреждения является - организация и проведение методической, научно-исследовательской, аналитической и экспертной работы, а также методическое сопровождение профессионального развития педагогов и основные направления работы включают в себя:

- организацию учебно-методической и научно-методической работы;

- создание мобильных групп по вопросам раннего развития детей;
- анализ качества воспитательно-образовательного, учебно-воспитательного процесса, мониторинг уровня развития воспитанников, образовательных достижений обучающихся;
- исследование педагогической деятельности, сбор, экспертиза, обобщение и распространение лучших (передовых, инновационных) педагогических практик, разработок педагогов;
- осуществление опытно-экспериментальной и научно-исследовательской работы, поддержка инициатив организаций образования и педагогов;
- обеспечение сбора, анализа и систематизации опыта работы, создание банка данных об эффективных формах работы и их результатах дошкольного, начального и среднего образования, ТиПО, дополнительное и специальное образование;
